

Қатысушының техникалық талаптары мен нұсқаулары

IMPACT Olympiad 2025 олимпиадасына офлайн немесе онлайн режимде қатысуға болады.

Офлайн режимдегі қатысушылар(математика, физика және информатика) олимпиаданы **Astana IT University** базасында, **Мәңгілік Ел даңғылы, С 1.2, бизнес-центр ЕХРО, блок С1** мекенжайында жазады. Онлайн режимінде қатысушылар үшін прокторинг және бейнебақылау жүйелері пайдаланылады және олимпиаданың өзі **Google Meet** платформасында өтеді.

Онлайн режимдегі қатысушыларға арналған техникалық талаптар:

1. Камерасы бар (ажыратымдылығы кемінде HD 720p) және интернетке шығатын 2 құрылғыны дайындаңыз.
2. Компьютерге немесе смартфонға CAMSCANNER қолданбасын (немесе басқа сканерлеу қолданбасын) орнатыңыз.

1. Маңызды ескерту:

- Олимпиада кезінде қатысушымен микрофон мен бейнебайланысы **олимпиада аяқталғанға дейін үзілмеуі тиіс**. Құлаққапты қолдануға тыйым салынады.
- Google Meet платформасына техникалық және негізгі турлардың сілтемелері олимпиада басталардан бір сағат бұрын қатысушылардың поштасына жіберіледі.

2. Техникалық тур **13 қаңтарда, сағат 19:00 (Астана уақыты) өтеді.**

Әрбір қатысушы техникалық дайындықты тексеру үшін міндетті түрде техникалық турға қатысуы қажет.

Техникалық дайындықтан өтпеген қатысушылар олимпиадаға жіберілмейді.

Техникалық тур кезінде қатысушылар прокторға туындаған мәселелерді шешу бойынша сұрақтар қоя алады.

3. Олимпиада **14 қаңтарда Астана уақыты бойынша сағат 9:00-де өтеді. Олимпиада басталардан жарты сағат бұрын жұмыс орнын дайындау қажет.**

Математика -4 сағат

Физика - 4 сағат

Информатика мұғалімдері -4 сағат

Информатика жаттықтырушылары -5 сағат

Жұмыс орнын дайындау:

- 3.1. Қатысушының жұмыс үстелінде қосымша заттар болмауы керек.
- 3.2. Үстелдің үстінде тек А4 форматындағы қағаз және қалам ғана болуы қажет.
- 3.3. Google Meet-те бейнеконференцияға арналған 2 құрылғыны дайындау. Смартфонды пайдалануға болады.
- 3.4. **№ 1 Камера қатысушының сол жағында, басынан жоғары орналасуы керек. № 2 Камера қатысушының алдында тұруы керек.**

3.5. Google Meet платформасында ұйымдастырушылар жіберген сілтеме бойынша трансляцияны іске қосу.

3.6. Камераларды дұрыс орналастырып, тексеру: **№ 1 камера үстелді, орындықты, ноутбукты немесе компьютерді және олимпиадаға қатысушының өзін қамтуы керек. № 2 камера қатысушының беті мен жұмыс үстелін қамтуы керек.**

3.7. Олимпиада тапсырмасы қатысушылар камераларды дұрыс орнатқаннан кейін сағат 9.00-де қатысушының поштасына жіберіледі.

3.8. Тапсырмаларды А4 форматындағы қағазға қолмен орындау қажет.

Тапсырмаларды немесе турды шешуді аяқтағаннан кейін қатысушы өз жұмысын, яғни қағаз парақтарын прокторға көрсетіп, беттер санын атауы керек, содан кейін pdf форматында сканерлеп, файлдың атына қатысушының коды мен беттер санын жазуы тиіс.

Файл атауының мысалы

MT64-5

MT64-қатысушының коды

5-жауап беттерінің саны

3.9. Сканерленген жауаптар олимпиада аяқталғанға дейін 5 минут бұрын PDF форматында қабылданады- қатысушының аты-жөнін көрсетуге болмайды, әр парақтың жоғарғы оң жақ бұрышында **ҚАТЫСУШЫНЫҢ ШИФРЫ** көрсетілуі тиіс

3.10. **Жұмысты кешіктірудің әр минуты үшін - 1 балл шегеріледі.**

3.11. Жауаптары бар әр парақты сканерлеңіз, барлық парақтардың **СКАНЕРЛЕНГЕНІНЕ ЖӘНЕ БІР PDF ҚҰЖАТЫНА ЖҮКТЕЛГЕНІНЕ** көз жеткізіңіз, құжатты сақтап, төмендегі поштаға жіберіңіз.

Математика бойынша- impactmath2025@fizmat.kz

Физика бойынша- impactphys2025@fizmat.kz

Математика жаттықтырушылары- impacttren2025@fizmat.kz

Физика бойынша жаттықтырушылары- impacttren2025@fizmat.kz

4. Тур кезінде қатаң тыйым салынады:

- Кез келген сымды және сымсыз гарнитураны (кұлаққапты) пайдалану;
- ішкі жадтан немесе Интернеттен жүктелген мәтіндік, графикалық және/немесе аудио форматта ақпарат бере алатын кез келген байланыс құрылғыларын, смартфондарды, смарт-сағаттарды немесе кез келген басқа гаджеттерді пайдалану;
- кез келген электрондық немесе қағаз анықтамалық материалдарды, оқулықтарды, басқа әдебиеттерді, калькуляторды, рефераттарды және басқа да дайындалған жазбаларды пайдалану;
- тапсырмалар жинағына кірмейтін кез келген материалдарды пайдалану;
- олимпиаданың басқа қатысушыларымен тапсырмаларды талқылау;

- жұмыс орнынан кету.

Егер прокторлар келесі фактілердің бірін анықтаса, олар қатысушының нәтижелерін жоюға құқылы:

- көрсетілген қатысушының орнына Олимпиаданы басқа адам тапсырса;
- **камера ережеде көрсетілгендей дұрыс орналаспаса;**
- қатысушымен толық аудио және бейне байланыс жоғалса;
- олимпиада барысында қатысушы қосымша техникалық құрылғыларды пайдаланса;
- олимпиада тапсырылып жатқан техникалық құрылғыда басқа қосымшалар және/немесе терезелер ашылса;
- олимпиада барысында қатысушы жұмыс орнынан шығып кетсе;
- қатысушы Олимпиада тапсырып жатқан бөлмеде басқа адамдар болса;
- олимпиада барысында қатысушы біреумен сөйлессе немесе басқа адамдардың дауысы естілсе.

Жұмыс орнынан проктордан рұқсат алғаннан кейін ғана кетуге болады.

Қатысушының жұмысын бағалаудың объективтілігі мақсатында бүкіл тур барысында Олимпиада аяқталғанға дейін сақталатын аудио және бейнежазба жүргізіледі.

Олимпиаданың қазылар алқасы қатысушының олимпиаданы өткізу ережелерін сақтауын тексеру мақсатында турлардың аудио және бейнежазбаларын зерделеуге құқылы.

Ережелерді бұзу фактілері анықталған жағдайда қатысушыға нәтижелерді дисквалификациялауға дейін айыппұл шаралары қолданылуы мүмкін.

Сәттілік тілейміз!

Ұйымдастыру комитеті